



## **"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 1135 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

## **Қазақстан Республикасы Заңының жобасы "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы"**

Осы Заң Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін айқындайды.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

#### **1-бап. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы және оның мәртебесі**

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы (бұдан әрі - Қаржы Орталығы) ерекше құқықтық режимі бар арнайы аймақ болып табылады.

Қаржы Орталығының ерекше құқықтық режимі осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде айқындалады және оның қатысушыларына қолданылады.

#### **2-бап. Қаржы Орталығының қызметін құқықтық реттеу**

1. Қаржы Орталығы туралы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қаржы Орталығының және оның қатысушыларының осы заңда реттелмеген бөлігіндегі қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

3. Қаржы Орталығының қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің "Арнайы экономикалық аймақтар туралы" Заң күші бар Жарлығымен реттелмейді.

4. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзге де ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережесі қолданылады.



туралы өтінішті жүзеге асыру;

3) Қаржы Орталығының қатысушыларына персоналды іріктеуде жәрдем көрсету;

4) Қаржы Орталығының қатысушыларына олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

5) Қаржы Орталығы қатысушыларының Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік қадағалау;

6) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Қаржы Орталығының атынан өкілдік ету және оның мүдделерін қорғау;

7) Қаржы Орталығы қатысушыларының мемлекеттік тізілімін жүргізу;

8) Қаржы Орталығында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларды тіркеу және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша тоқсан сайын Алматы қаласының жергілікті атқарушы органына шетелдік жұмыс күшін тарту туралы ақпаратты табыс ету болып табылады.

#### **6-бап. Қаржы Орталығы Әкімшілігінің өкілеттігі**

Өз міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында Қаржы Орталығы Әкімшілігінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік, статистикалық карточкалар, салық төлеушінің куәлігін беру;

2) Қаржы Орталығының қатысушылары - заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту;

3) Қаржы Орталығы қатысушыларының салықтарын есептеу, Қаржы Орталығының қатысушыларына төленген кірістердің, сондай-ақ ұсталған және бюджетке аударылған салық сомаларының есебін жүргізу, жергілікті тіркеу есебі бойынша салық органына салық есептілігін тапсыру;

4) үшінші тұлғалармен қатынаста Қаржы Орталығының атынан әрекет ету;

5) өз міндеттерін іске асыру мақсатында өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекет жасау;

6) бағалы қағаздарын Қаржы Орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне қосу көзделетін немесе қосылған эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды белгілеу;

7) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша қаржы құралдарын Қаржы Орталығының арнайы сауда алаңының сауда-саттық ұйымдастырушысының тізіміне қосудың және одан алып тастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

8) рейтингтік бағаларын Қаржы Орталығының Әкімшілігі мойындайтын рейтингтік агенттіктердің тізбесін бекіту;

9) қаржы құралдары эмитенттерінің аудит жұмсаған шығындарын өтеу ережесін бекіту;

10) Қаржы Орталығының арнайы сауда алаңына жіберу үшін бағалы қағаздар мен

олардың эмитенттерінің рейтингтік бағаларына қойылатын талаптарды белгілеу;

11) қаржы құралдарын Қаржы Орталығының арнайы сауда алаңына жіберу мақсатында таңдау өлшемдері қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісілетін аудиторлық ұйымдардың тізбесін б е к і т у ;

12) Қаржы Орталығымен өзара әрекет ету мәселелері жөнінде шетелдік мемлекеттердің қор биржаларымен келісімдер жасау;

13) Қаржы Орталығы қатысушыларының еңбек туралы заңнаманы сақтау нысанына т е к с е р у л е р жү р г і з у ;

14) Қаржы Орталығы мойындайтын қор биржаларының тізбесін белгілеу;

15) Қаржы Орталығының аралық сотының регламентін, сондай-ақ осы аралық соттағы қызметті жүзеге асыратын аралық судьялардың тізімін бекіту.

### **7-бап. Қаржы Орталығының Әкімшілігі қабылдайтын шешімдер**

1. Қаржы Орталығының Әкімшілігі қабылдайтын шешімдер Қаржы Орталығының Әкімшілігі басшысының бұйрықтарымен ресімделеді.

Қаржы Орталығының Әкімшілігі басшысының бұйрықтары нормативтік және жеке с и п а т т а б о л у ы м ү м к і н .

2. Нормативтік сипаттағы бұйрықтар кіші заңи нормативтік құқықтық актілер болып табылады және Қаржы Орталығының барлық қатысушылары үшін міндетті б о л ы п т а б ы л а д ы .

Жеке сипаттағы бұйрықтар әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке сипаттағы мәселелер б о й ы н ш а қ а б ы л д а н а д ы .

Нормативтік сипаттағы бұйрықтар мемлекеттік, орыс тілдерінде шығарылады және басқа да тілдерге аударылуы м ү м к і н .

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаржы Орталығының Әкімшілігі басшысының бұйрықтарын толығымен немесе оның бір бөлігінің күшін жояды не тоқтата тұрады.

### **8-бап. Қаржы Орталығы Әкімшілігінің басшысы**

1. Қаржы Орталығы Әкімшілігінің басшысы:

1) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қаржы Орталығының Әкімшілігі атынан с е н і м х а т с ы з ә р е к е т е т е д і ;

2) Қаржы Орталығы Әкімшілігінің басқа қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және б о с а т у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

3) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды орынбасарларының біріне ж ү к т е й д і ;

4) Қаржы Орталығының тиісті жұмыс істеуіне Үкімет алдында дербес жауапты б о л а д ы .

2. Қаржы Орталығы Әкімшілігінің басшысын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті

лауазымға тағайындайды және одан босатады.

3. Қаржы Орталығы Әкімшілігінің басшысы босатылғанға дейін екі ай бұрын өзінің жазбаша өтінішін беріп, өз еркімен босатылуы мүмкін.

#### **9-бап. Қаржы Орталығы Әкімшілігінің Халықаралық Кеңесі**

1. Қаржы Орталығы Әкімшілігінің жанынан Қаржы Орталығы Әкімшілігінің консультативтік-кеңесші органы болып табылатын Халықаралық Кеңес құрылады.

2. Халықаралық Кеңестің негізгі міндеттері:

1) Қаржы Орталығының қызметіне қатысты мәселелерде әлемдік тәжірибені пайдалану жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдау;

2) Қаржы Орталығы Әкімшілігіндегі басшы лауазымдарға кандидатуралар ұсыну;

3) Қаржы Орталығының Әкімшілігі басшысының нормативтік сипаттағы б ұ й р ы қ т а р ы н к е л і с у ;

4) Қаржы Орталығының даму стратегиясын әзірлеуге қатысу болып табылады.

3. Халықаралық Кеңесті Қаржы Орталығының Әкімшілігі құрады және ол тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

Халықаралық Кеңестің құрамына қаржы секторының жетекші сарапшылары кіреді. Шетелдік азаматтар Халықаралық Кеңестің мүшесі бола алады.

4. Халықаралық Кеңес мүшелерінің қызметіне Қаржы Орталығының Әкімшілігін қаржыландыруға көзделген қаражат есебінен ақы төленеді.

Халықаралық Кеңестің отырыстары кемінде үш айда бір рет өткізіледі.

#### **10-бап. Қаржы Орталығының соты**

Қаржы Орталығы қатысушыларының құқықтық азаматтық, еңбек, әкімшілік, салық, қаржы, шаруашылық, жер қатынастарынан, оның ішінде бір тараптың екіншісіне биліктік бағыныстылығына негізделген қатынастардан туындайтын дауларды қарау үшін Қаржы Орталығының соты құрылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Қаржы Орталығының соты үшін апелляциялық және (немесе) қадағалау сатысындағы сот болып табылады.

#### **11-бап. Қаржы Орталығының аралық соты**

Қаржы Орталығы Әкімшілігінің жанынан тұрақты жұмыс істейтін аралық сот құрылады.

Аралық соттың қызметін ұйымдастыру тәртібі Қаржы Орталығының Әкімшілігі бекітетін сот регламентінде айқындалады.

#### **12-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Қаржы Орталығының Әкімшілігімен өзара қарым-қатынастары**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қаржы Орталығының Әкімшілігі басшысының ұсынуы бойынша (бұдан әрі - Әкімшілік) Қаржы Орталығының Әкімшілігі туралы ережені, оның құрылымы мен штат санын бекітеді;

2) Қаржы Орталығы Әкімшілігінің актілері қолданылуының толық немесе бір бөлігінің күшін жояды немесе тоқтата тұрады.

2. Өзіне заңдарда берілген өкілеттіктер шегінде Қаржы Орталығының Әкімшілігі оған өз қызметінде тәуелсіз. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Қаржы Орталығы Әкімшілігінің қызметіне мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының кез келген нысанда араласуына тыйым салынады.

3. Қаржы Орталығының қатысушыларына қатысты функциялары осы Заңмен Қаржы Орталығының Әкімшілігіне берілетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары бірлескен бұйрықтар негізінде Әкімшілікпен өзара әрекет етуді жүзеге асырады.

4. Қаржы Орталығының Әкімшілігімен қатынастарда мемлекеттік органдардың өзге өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Қаржы Орталығының Әкімшілігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, жеке және заңды тұлғаларға, шетелдік және халықаралық ұйымдарға Қаржы Орталығының қызметі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және сауда-саттық ұйымдастырушысының ережесінде көзделген тәртіппен береді.

6. Қаржы Орталығының Әкімшілігі мемлекеттік органдардан өз функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

### **3-тарау. Қаржы Орталығы қатысушыларының қызметі**

#### **13-бап. Қаржы Орталығының қатысушылары**

Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын және:

1) Қаржы Орталығының Әкімшілігі берген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі;

2) бағалы қағаздар рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган берген бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеуге лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары Қаржы Орталығының қатысушылары болып табылады.

Қаржы Орталығының қатысушылары Қаржы Орталығының арнайы сауда алаңында ғана мәмілелер жасауға құқылы.

#### **14-бап. Қаржы Орталығының арнайы сауда алаңы**

1. Қаржы Орталығының қатысушылары қаржы құралдарымен сауда-саттықты жүзеге асыратын, Алматы қаласының аумағында жұмыс істейтін және Қаржы Орталығының Әкімшілігі айқындайтын қор биржасының сауда алаңы Қаржы Орталығының арнайы сауда алаңы болып табылады.

2. Сауда-саттық ұйымдастырушысының Қаржы Орталығының арнайы сауда

алаңына қатысты қабылданатын ережесі Қаржы Орталығының Әкімшілігі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

### **15-бап. Қаржы Орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу**

Заңды тұлғаның Алматы қаласының аумағында тұрақты жұмыс істейтін органының болуы бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы заңды тұлғаны Қаржы Орталығы Әкімшілігінің мемлекеттік тіркеуінің міндетті шарты болып табылады.

### **16-бап. Шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ тұлғалардың визалық режимі**

1. Қаржы Орталығында қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар Алматы қаласының халықаралық әуежайына келген кезде кіру визасын алады.

2. Визалардың қолданылу мерзімін ұзарту, сондай-ақ осы баптың 1-тармағында көрсетілген тұлғаларға визалардың санатын өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қаржы Орталығы Әкімшілігінің өтініші бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан шықпай жүзеге асырылуы мүмкін.

### **17-бап. Қаржы Орталығының қатысушыларын салықтық бақылау**

1. Қаржы Орталығының қатысушыларын салықтық бақылау Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қаржы Орталығы қатысушыларының сенімхаты негізінде Қаржы Орталығының Әкімшілігі Қаржы Орталығы қатысушыларының барлық салық түрлерін есептеуге, Қаржы Орталығының қатысушыларына төленген кірістердің, сондай-ақ ұсталған және бюджетке төленген салық сомаларының есебін жүргізуге, жергілікті тіркеу есебі бойынша салық органына салық есептілігін тапсыруға құқылы.

### **18-бап. Құжаттама мен мәмілелерді жүргізу тілдері**

Қаржы Орталығының қатысушылары мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілдерінде құжаттама жүргізуге және мәмілелер жасауға құқылы.

Қаржы Орталығының органдарын қоспағанда, Қаржы Орталығының қатысушылары құжаттаманы мемлекеттік органдарға тапсыруы қажет болған жағдайда ағылшын тілінен мемлекеттік және орыс тілдеріне ресми аударуды Қаржы Орталығының Әкімшілігі жүзеге асырады.

### **19-бап. Қаржы Орталығы қатысушыларының ақшалай міндеттемелері**

Қаржы Орталығы қатысушыларының ақшалай міндеттемелері теңгемен және шетелдік валютамен көрсетілуі мүмкін.

## **4-тарау. Қорытынды ережелер**

**20-бап. Қаржы Орталығы туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік**

Қаржы Орталығы туралы заңнаманы бұзған кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

**21-бап. Қолданысқа енгізу**

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК